



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№4 (860) Сәрсенбі 24 қаңтар 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## МЕМЛЕКЕТТЕ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті. Жиынға Президент Әкімшілігі мен мемлекеттік органдардың басшылығы, өңірлердің әкімдері, ПМ алқа мүшелері, орталық аппараттың басшылық құрамы және аумақтық полиция департаменттерінің жетекшілері қатысты.**



Мемлекет басшысы елімізде «Заң және Тәртіп» қағидатын біржолата орнықтыруда полиция айрықша рөл атқаратынын атап өтті.

– Қылмыспен күресу және қоғамдық тәртіпті сақтау – аса маңызды міндет. Бұл – жауапкершілігі өте үлкен жұмыс. Еліміздің әрбір азаматы өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Ол үшін құқық қорғау жүйесі үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі қажет. Ең алдымен, мемлекетте заң талаптары мұлтіксіз орындалуы керек. Заң бұзған кез келген адам жазасын алуға тиіс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, құқықтық сауаттың төмен болуы жағымсыз үрдістердің белең алуына әкеп соқтырады.

– Оның бәрі, түптеп келгенде, еліміздің дамуын тежейді, мемлекеттің абыройына нұқсан келтіреді. Қоғамдық жерлердегі вандализм – соның айқын көрінісі.

Халқымыздың дүниетанымына жат идеология да елімізге зор қауіп төндіреді. Әсіресе, жас ұрпақ жасанды идеялар мен «жалған батырлардың» жетегіне ілесіп кетуі мүмкін. Әлеуметтік желіде жастарды заңсыз іс-әрекет жасауға шақыратын материалдар таралуда. Тіпті заң бұзған адамдарды үлгі етіп көрсететіндер бар. Біздің азаматтарымыз кез келген заңсыздыққа қарсы болуы керек, яғни бізге заң бұзушылыққа төтеп беретін мықты иммунитет қажет. Ел ішіне іріткі салатын, қауіп төндіретін әрекеттерді ақтауға қатаң тосқауыл қою керек. Құқықтық нигилизмге, яғни заң үстемдігін жоққа шығаруға жол берілмеуге тиіс. Заңға деген құрмет адал азаматқа тән қасиеттің бірі ретінде дәріптелуі қажет. Бұл – мемлекеттік органдарға

ғана емес, барша халыққа ортақ міндет. Қысқасы, заңмен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету – Әділетті Қазақстанды құрудың басты шарты, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы құқық қорғау органдары құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесіне баса мән бергені жөн деп санады.

– Қылмыстардың негізгі себебі көбіне қоғамға жат әрекеттерден туындайды. Сондықтан заңды бұзуға бейім азаматтармен жүйелі жұмыс жүргізу маңызды. Сондай-ақ олардың қоғамдық тәртіпке қайшы істеріне түрткі болатын алғышарттарды түгел жою қажет. Бірақ бүгінде қылмыстың алдын алу шаралары тиімді жүргізіліп жатқан жоқ. Мұны мойындау керек. Сондықтан жүйені түбегейлі жаңарту қажет. Осы ретте қауіпті

топтарға жататын азаматтардың басым бөлігі назардан тыс қалып қояды. Ал кейбір алдын алу шаралары шектеу-мәжбүрлеуден әрі аспайды. Мұндай жұмыстар жергілікті жерлерде жүйесіз жүргізіліп жатыр. Нақты үйлестіру тетіктері жоқ. Құқық бұзушылықтың алдын алу саласында бірыңғай заң әзірлейтін уақыт жетті. Заң жобасында профилактикадан өтетін азаматтар тізімін толықтай қайта қараған жөн. Жауапты органдардың құзыреттерін, үйлестіру тетіктерін, жеке профилактика құралдарын нақтылау қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мұның, әсіресе, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күресте маңызы зор екеніне сенімді. Оның айтуынша, бұл жерде алдын алу жұмыстарының маңызы жедел әрекет ету және әділ жазасын беру ісінен кем емес.

– Өздеріңізге мәлім, бұған дейін мұндай қылмыстар үшін жауапкершілікті күшейтуді қолдайтындымыз айтқан едім. Қылмыстық кодекске енгізілген тиісті түзетулер жақын арада қабылданады. Ішкі істер министрлігі өз қызметкерлерін жана жұмыс тәсіліне көшуге алдын ала дайындауы керек. Құқық қолдану тәжірибесіндегі бұған дейін болған барлық мәселені ескеру қажет. Бұдан бөлек, кәмететке толмаған азаматтардың құқығын қорғау жүйесін жаңғырту – өте өзекті мәселе. Үкімет азаматтық қоғам институттары мен сарапшыларды тарта отырып, бұл жұмысқа мұқият қарауы керек, – деді Мемлекет басшысы.

(жалғасы 2-бетте)

## 124 РЕЙС БОЙЫНША 55 АВТОБУС МАРШРУТЫ ЖҮРЕДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сырдария өзенінің сол жағалауындағы автовокзал құрылысымен танысты. Заманауи үлгідегі, салынуына 975 млн теңге бөлінген автовокзалда жолаушыларға қолайлы жағдай жасалып, қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі. Ғимаратта күту залы ғана емес, сонымен қатар ірі сауда және қоғамдық тамақтандыру орындары, автокөлік жөндеу цехтары жұмыс істейтін болады. Пайдалануға берілгеннен кейін 124 рейс бойынша 55 автобус маршруты ашылады.

Айта кетейік, автовокзалдың жоба-сметалық құжаттамалары мен сараптама қорытындысында құрылыс жұмыстарының

ұзақтығы 10 ай деп белгіленген. Жаңа нысан 2024 жылдың маусым айына пайдалануға берілуі тиіс. Дегенмен, мердігер мекеме – «Техностанка Ремсервис» ЖШС автовокзалды 2023 жылдың шілде айында бастап, 2024 жылдың наурыз айының соңында, яғни жоспардан 3 ай бұрын аяқтамақ.

Бүгінгі күні құрылыс жұмыстарының 85%-ы орындалды. Оның ішінде әрлеу жұмыстары 81,2, инженерлік желілер 85,6, электрмен жабдықтау 80, абаттандыру 78,3 пайыз дайын.

Аймақ басшысы құрылыс сапасын қадағалауды тапсырып, мұндағы жұмыстар тікелей бақылауында болатынын ескертті.

## ЖАҢА ТЕРМИНАЛ 500 МЫҢ ЖОЛАУШЫНЫ ҚАБЫЛДАЙ АЛАДЫ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қорқыт ата» әуежайы терминалының құрылыс барысымен танысты. Алдымен аймақ басшысы әуежай аумағын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын бағдарлап, кіреберіс жол салу мәселесін талқылады.**



Құрылыс жұмыстары 2023 жылдың ақпанынан басталған болатын. Терминал аумағын абаттандыру және көгалдандыруға жарияланған мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпаздары анықталып, тиісті жұмыстар басталды.

Қазіргі уақытта әуежайдың жаңа терминалының негізгі құрылыс жұмыстары 91% орындалған. Оның ішінде әрлеу жұмыстарының 87,3%-ы жасалған, инженерлік желілер толығымен жүргізілген, электр желілерін тарту 89,7% біткен. Құрылысқа пайдаланылған материалдар жоғары сапалы, орнатылатын құрал-жабдықтардың барлығы Еуропа елдерінен әкелінген.

Мердігер компания өкілі терминалдың құрылыс жұмыстары мамыр айында толық аяқталатынын баяндады. Облыс әкімі абаттандыру, көгалдандыру кезінде егілетін ағаштар, гүлдер жергілікті климатқа бейімделген болуы керектігін ескертті. Сонымен қатар жол сапасына баса мән берілуі тиіс.

Жерлесіміз, меценат «Болат Өтемұратовтың қоры» өңірде халықаралық стандарттарға сай заманауи терминал салуда. Қазіргі әуежай жылына 307 мың адамға қызмет көрсетсе, жаңа терминал іске қосылғаннан кейін 500 мың жолаушыны қабылдай алады. Ал жүк тасымалдау көлемі 150-ден 240 тоннаға дейін ұлғаяды. Құны 25 миллион долларды, алаңы 7500 шаршы метрді құрайтын терминал телескопиялық трап екі қабатты болады. Жолаушыларға, оның ішінде қозғалыс қауіпін шектеуі азаматтарға ыңғайлы болу үшін эскалаторлар мен лифтітер қарастырылмақ. Жылдам әрі жайлы қызмет көрсету үшін өзі-өзі тіркеу бағандары, жүкті беру және өңдеу автоматтандырылады.

Облыс әкімі өңірдің негізгі әуе қақпасы заманауи талаптарға сай болуы керектігін айтты. Бұл ретте әуежай басшысына қор өкілдерімен бірлесіп, құрылысқа қажетті жұмысты үйлестіріп, уақытылы аяқтауды тапсырды.

Жаңа терминал құрылысы аймақ басшысының тұрақты бақылауында.

## ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ЭКО ЖОБА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушысы, Kyzylorda Hub кәсіпкерлік орталығының резиденті Саят Уриқбаев («Smart Bench» жобасын іске асыруда).

Smart Bench – күн батареяларынан қуат алатын «ақылды» орындық. Мақсаты – күн сәулесімен жұмыс істейтін орындықтарды орнату арқылы кампус ландшафтын өзгерту.

«Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің қызметкерлері мен студенттеріне арналған инновациялық-эко жобаның дайын үлгісі бас оқу ғимаратының жанына орнатылды. Бұл жоба арқылы өңірміздің экологиялық жағдайын жақсартуға септігімізді тигізіміз келеді. Smart Bench күн панелдері орнатылғаннан кейін қолдануға толық дайын болады», – деді Саят Уриқбаев.

Айта кетейік, «CHEVRON» компаниясы ұйымдастырған «Sustainability Living Lab» жобалар сайысында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Темірлан Абжанов пен Саят Уриқбаев жобаларын таныстырып, грант иеленген болатын.

## ЖАҢА ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫСТАР ОРНАЙТЫН БОЛАДЫ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Чехия Республикасының бизнес өкілдерімен кездесіп, өңірдегі инвестициялық жобаларды таныстырды.**

Аймақ басшысы қызылордалықтар жаңа іскерлік байланыстар орнатуға, өзара тиімді қарым-қатынастарды дамытуға әрдайым ашық екенін жеткізді. Балық өнімдерін экспорттау, энергетикалық жобалар мен мұнай-газ құбырлары өндірісіне қызығушылық танытқан инвесторларға өңірдің мүмкіндіктері туралы айтты.

– Біздің аймақ – ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп саласы дамыған, минералдық шикізат ресурстарына бай агроиндустриялық өңір. Қызылорда облысында Кіші Арал теңізі, Сырдария өзені және 201 көл бар, онда балық аулау кәсібі жолға қойылған. Өңірде жылына 36,5 мың тонна балық өндіретін 10 балық өңдеу зауыты жұмыс жасайды. Өткен жылы 8,3 млн. АҚШ долларына бағаланған 3,3 мың тонна балық өнімдері экспортталды. Оның ішінде құны 150 мың АҚШ долларын құрайтын 197,3 тонна



өнім Грузияға, 114,8 мың АҚШ доллары болатын 15,8 тоннасы Чехияға жіберілді.

Энергетика саласына келсек, аймақта жиынтық қуаттылығы 89 мегаваттық 9 күн-электр станциясы жұмыс жасайды. Оның үшеуі шетел инвесторларының қатысуымен жүзеге асты. «Акса энерджи» түрік компаниясы Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаваттық жылу-электр стансасын салуда. Оның қуаты өңірдің сұранысын толық қанағаттандырады. Экспортқа бағытталған, өңделген отандық өнімдерге бірқатар қолдау

шаралары бар. Сыртқы нарыққа шығару үшін кәсіпорындарға жан-жақты сервистік қолдау көрсетіледі, жол шығындары 80%-ға дейін өтеледі. Сіздерге перспективалы жобаларды іске асыруда мүмкіндігінше жан-жақты қолдау көрсетеміз. Біздің өңірге келген сапарыңыз Қызылорда облысы мен Чехия арасындағы достық байланысты одан әрі кеңейтетініне сенімдімін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өз кезегінде, инвесторлар ұсынылған жобаларға қызығушылық танытып, алдағы уақытта аталған салалар бойынша әріптестік орнатуға ниет білдірді.

## «ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН» АВТОМОБИЛЬ ЖОЛЫ ҚАШАН ЖӨНДЕЛЕДІ?

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының қашан толығымен жөнделетінін мәлім етті.

«Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолы учаскесін (ұзындығы 424 шақырым) жаңғырту жобасы Қызылорда мен Ұлытау облыстарының аумағында орналасқан учаскелер бойынша екі негізгі іске қосу кешеніне бөлінгені белгілі. Қызылорда облысындағы құрылыс жұмыстары Еуразиялық қайта құру және даму банкінің қаржыландыруымен 2022 жылдың ортасында басталған болатын. Абаттандыру және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың орындалуын ескере отырып, құрылысты 2025 жылы аяқтау жоспарланған» делінген компанияның жауабында.

Мекеме мәліметінше, Ұлытау облысы аумағындағы жол учаскесін салу үшін қазіргі уақытта Азия даму банкінің сатып алу ережесіне сәйкес конкурстық процедура жүргізіліп жатыр. Бұл учаскеде құрылыс жұмыстары осы жылы басталады және 2026-2027 жылдары аяқтау көзделіп отыр.

**Бір кем дүние**

**Шүкіршілік**

Аурухана. Түн. Уақыт. Кезекші дәрігер емделушіні құтқарады. Емделуші Құдайға шүкіршілік айтады».

## СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА ЖОСПАРЛАҢАДА

Биыл облыстағы су шаруашылығын дамыту бағытында 6 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда. Сондай-ақ, осы жылы республикалық бюджет есебінен Жаңақорған ауданындағы Келінтөбе магистралды каналы мен Жаманбай батыр ауылдық округіндегі суару жүйесінің құрылысы басталады.

Бұдан бөлек, Қазалы ауданында егін егу үшін суармалы жер учаскесін құру жобасы бойынша сыртқы инфрақұрылым нысандары салынады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жансұлтанұлы хабарлады.

Өңірдің су шаруашылығын дамыту бағытында 2023 жүйелі жұмыстар атқарылды. Мәселен, былтыр елді мекендерді аяқ сумен қамтамасыз ету үшін 85,3 шақырым болып 10 канал тазартылып, 29 дана насос қондырғысы орнатылды. Сондай-ақ, 28 каналдың жобалық-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Ал биыл «Қараарық», «Екі бостандық», «Дәурен», «Құмжарған», «Нартай», «Базарарық» каналдарын республикалық бюджеттен жөндеу үшін тиісті өтінім берілді. Сонымен қатар, Жалағаш ауданындағы 15 мың гектар суармалы жерді қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жұмыстар биыл да жалғасатын болады. Жалпы бүгінде 787 891 м су жүйесі, 870 558 м қашыртқы жүйесі тазаланып, 115 дана бақылау ұңғымасы салынды, – деді Қайрат Жансұлтанұлы.

Балық шаруашылығы – өңірдің экономикалық дамуына әсер етуші және халықты жұмыспен қамтудың негізгі саласы ретінде аса маңызға ие. Осыған сәйкес, балық шаруашылығын дамытуға 2021-2030 жылдарға арналған бағдарлама аясында биыл 1000 тонна балық өсіру жоспарлануда.

Жалпы облыс бойынша Кіші Арал теңізі, Сырдария өзені және 201 көл тізімге алынп, бүгінде үш мыңнан астам адам балық шаруашылығымен тұрақты айналысады. Былтыр облыс көлемінде 6097 тонна балық ауланып, 3394 тонна балық өнім 13 шет мемлекетіне экспортқа шығарылды. Сонымен қатар, 2023 жылы 837 тонна балық өсіру жоспарлана, бүгінде тауарлы балық өсіру көлемі 426 тоннаға жетті, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Айта кетейік, өңірде 7 тор қоршама, 8 тоған, 2 сумен қамтамасыз ету циклі түйіскен және 76 көл-тауарлы балық өсіру шаруашылығы жұмыс істейді.

## МЕМЛЕКЕТТЕ ЗАҢ ТАЛАПТАРЫ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК

(соңы, басы 1-бетте)

Президенттің айтуынша, полицияның сервистік моделінің негізгі қағидаттарын іс жүзінде жүзеге асыру қажет. Бұл – ең алдымен, қоғамның талап-тілегіне құлақ асып, шұғыл әрекет ете білу деген сөз.

– Халыққа ынтымақтастықтың өзара тиімді формасын ұсынып, кері байланыстың оңтайлы жолдарын реттеу маңызды. Бастамашыл және заңға қайшы әрекеттерге бейжай қарамайтын азаматтарға арқа сүйеу құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбешілік қағидатының іс жүзінде сақталуына мүмкіндік беретініне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қоғаммен бірге полиция да түбегейлі өзгеруге тиіс екенін айтты.

– Полиция қашан да халыққа үлгі-өнеге болуы керек. Сонда ғана жұрт полицияға сенеді, оны қорған көреді. Өкінішке қарай, тәртіп сақшыларының бәрі бірдей сондай деп айта алмаймыз. Ауыр қылмыс жасаған қызметкерлер анықталып жатыр. Соны кезде мұндай оқиғалар жиілеп кетті. Бұған жол бермеуіміз керек және ондай әрекеттерді мүлдем ақтауға болмайды. Осындай жағдайлар бүкіл жеке құрамның жұмысын бір сәтте жоққа шығарады. Ондай адамдарды полиция қатарынан шығару қажет. Олар биліктің абырой-беделін түсіреді. Қызметкерлерін дер кезінде тәртіпке салмаған басшылар мәселесін де қарау керек, – деді Президент.

Алқа отырысы барысында Қасым-Жомарт Тоқаев орта буындағы басшылық құрамды быны кезектен тыс аттестациядан өткізу туралы Ішкі істер министрінің ұсынысын қолдады.

– Министрлік осы сынақ кезінде табандылық танытуға тиіс. «Бармақ басты, көз қысты» болмауы керек. Алайда аттестация біреуден есе қайтарудың құралы болмауға тиіс. Басты мақсат – жеке құрамды білікті және жұмысына адал емес басшылардан тазарту, яғни кәсіби кадр резервін жасақтау. Сонда ғана ахуалды түбегейлі өзгерте аламыз. Президент Әкімшілігі бұл жұмысты бақылауға ұстайды, – деді Мемлекет басшысы.

Президент балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударды. Атап айтқанда, балыт қамалетке толмағандарға қарсы жасалған қылмыс саны 22 пайызға артқан. Мемлекет басшысының пікірінше, осы бағытта алдын алу жұмыстарын күшейту қажет. Полиция мектеп басшылығымен бірлесіп жұмыс атқаруға тиіс.

– Жас ұрпақтың тағдыры, өмірі мен денсаулығы бөрінен маңызды. Үкіметке балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау мәселесін мұқият саралап, нақты шаралар қабылдауды тапсырмын. Жасөспірімдер бос жұрмеуге тиіс. Олардың

шығармашылыққа, спортқа қызығушылығын арттыру жағына көбірек көңіл бөлу қажет. Балаларды еңбекке баулып, волонтерлік қызметке жұмылдырған абзал. Көзбояушылық үшін жасалатын жұмысты доғару керек, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент есірткінің таралуына бағыл түрде тосқауыл қоюды талап етті.

– Мен бірнеше рет осы мәселеге қатысты тапсырма бердім. Алайда ауыз толтырып айтағын нәтиже жоқ. Синтетикалық есірткінің қолжетімділігі және оның барынша тез таралуы жастар арасында нашакорлықтың белен алуына әкеп соқтырады. Оларға нашакорлықтың қаншалықты қауіпті екенін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Полиция есірткі өндіру, оны сату және таратуға қарсы белсенді күрес жүргізуі керек. Науқаншылдық, көзбояушылық және статистика үшін жұмыс істеу дегенді тоқтау қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар киберқылмыспен және интернет-алапытқыпен күрес шараларын күшейту жөнінде тапсырма берілді.

– Ұрылар мен бандиттер түрмеде отыруы керек. Бұл – сіздердің криминалға қарсы әрекеттеріңіздің бірден-бір мақсаты. Қылмыстық топтармен ымырасыз күресу – сіздердің тікелей міндеттеріңіз әрі қызметтік борыштарыңыз, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев жазасын өтеп жатқандардың негізгі құқықтарын сақтау маңызды екенін атап өтті. Оның пікірінше, абақты дегеніміз – айыпты адамды жазалау орны ғана емес, адамның қайтадан қылмыс жасауына жол бермейтін мекеме болуға тиіс.

Сонымен бірге Президент құқық қорғау органдарының қызметі халық арасында бүкіл мемлекеттік жүйенің бет-бейнесі туралы түсінік қалыптастырады деп санайды.

– Біз өздерінің қызметтік міндеттерін адал атқарып жүрген полицейлерді ескерусіз қалдырмауымыз керек. Әсіресе олардың нағыз ерлік істерін (ал мұндай жағдайлар аз емес), жұмысын лайықты бағалап, ең жоғары наградалармен марапаттауымыз қажет. Кәсібилік жауапкершілік танытқан, ерлік көрсеткен нақты жағдайларды үлгі ету, Ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру арқылы полицияның оң имиджін қалыптастыру маңызды, – деді Мемлекет басшысы.

Алқа отырысы барысында Ішкі істер министрі Ержан Сәденов қылмысқа, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, жасөспірімдер арасындағы қылмысқа, интернет алаяқтыққа қарсы күрес және оның алдын алу шаралары мен жүргізіліп жатқан жұмыстар, сондай-ақ Ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі туралы есеп берді.

## БАСҚАРМА БАСШЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен кадрлық өзгерістерге байланысты актив отырысында облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының жаңадан тағайындалған басшысы таныстырылды.**

Бұл лауазымға бұрын Арал ауданының әкімі қызметін атқарған Сермағамбетов Серік Сағитжанұлы тағайындалды.

– Серік Сағитжанұлы Арал ауданында 3 жылға жуық қызмет жасап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының оң динамикасын қалыптастырды. Арал ауданы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ерекше қамқорлығында, ондағы бастамаларға айрықша көңіл бөледі. Быыл Қазақстан Халықаралық Аралды құтқару қорына төрағалық етеді. Қазіргі уақытта теңіздің кепкен ұлтанына сексеуіл суы жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жыл қорытындысымен аудан бюджеті 17,5 млрд теңге болып, соңғы 3 жылда екі есе өсті. Осы уақытта ауданға 56,6 млрд теңге



инвестиция тартылып, ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 1,5 есе, өнеркәсіп өнімінің көлемі 2 есе өсті. Сонымен қатар, 85,6 мың шаршы метр 659 тұрғын үй пайдалануға беріліп, 21,3 млрд теңгенің құрылыс жұмыстары жүргізілді. 2021 жылдан бері 213,4 шақырым жол жөнделді.

Ауданда көп жылдан бері көтеріліп келген мәселелердің бірі – Арал қаласының екі бетін жалғайтын, теміржол үстінен өтетін көпір құрылысы басталды, жоба құны – 3,1 млрд теңге. Сексеуіл кенті 3,6 млрд теңгеге газдандырылуда. Соңғы 2 жылда демеушілер 2,5 млрд теңгенің жобаларына қаржы салды.

«2022-2024 жылдарға арналған ауыл шаруашылығы саласын

дамытудың Жол картасын» тиімді іске асыру нәтижесінде ауданда егін шаруашылығы 2022 жылы 4 есе, 2023 жылы 7 есе ұлғайды. Мал басы 2021 жылмен салыстырғанда 12700-ге көбейіп, облыс көлемінде төрт түлік өсімін қалыптастырғаны үшін Арал ауданы екі жыл қатарынан «Озат аудан» номинациясымен марапатталды. Бұл маңызды жобаларды үйлестіріп, нәтижелі жұмыстарды жүзеге асыруда Серік Сағитжанұлының елеулі еңбегі бар екенін атап өту қажет, – деді аймақ басшысы.

Актив отырысында облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, Қызылорда қаласының әкімі Серік Қожаниязов, Жаңақорған

ауданының әкімі Мұрат Тілеумбетов Серік Сағитжанұлын құттықтап, жаңа қызметінде сәттілік тіледі.

Серік Сағитжанұлы 1965 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Алматы халық шаруашылығы институтын экономист, Еуразия ұлттық университетін заңгер мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1988 жылы Балық шаруашылығы министрілігі материалдық-техникалық жабдықтау орталық базасының аға экономисі болып бастаған. 2005-2011 жылдары Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы, Шнелі ауданы әкімінің орынбасары, облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бастығы лауазымдарында қызмет етті. 2011-2021 жылдары Жалағаш ауданының әкімі, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары, облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы, «Қызылорда облыстық кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы қызметтерін атқарған.

2021 жылдың мамыр айынан осы кезге дейін Арал ауданының әкімі қызметін атқарып келді.

қойнағында бұғып жатқан мәдени мұралар баршылық.

Сирек және құнды кітаптарды табу, сақтау, қатарын толықтыру жинақтау жұмыстары кітапханамыздың күн тәртібінен

жылы Қызылорда қалаларынан басылып шыққан «Әліп-биі», Абай Құнанбайұлының латын харпінде жазылған 1933-1940 жылдар аралығын қамтитын бірнеше кітаптары, 1952 жылы

Т.Қартаеваның (XIX ғасырдың екінші жартысы- XX ғасырдың басы) «Сыр өңірі қазақтары: тарихи-этнографиялық зерттеулері», т.б. бар.

Алдағы уақытта «Сыр өңіріндегі археологиялық мұралар: жинақтау, қалпына келтіру, аудару және жариялау» жобасын іске асырсақ деген ойдамыз. Жобаның негізгі мақсаты – елімізде сақталған ел тарихына, мәдениетіне, ғылымына қатысты көне жазбалар мен сирек кітаптарды жинақтау, зерттеу, сақтау, танымал ету, отандық жазба ісінің дамуын, әртүрлі мәдени-тарихи жағдайлардағы кітаптың әлеуметтік ролін жан-жақты көрсету.

Қордағы кітаптардың қайсыбір болмасын үлт пен ұрпақ алдындағы ұлы құндылық саналары анық. Ол өз кезегінде тарихты танып білуге түрткі болары хақ.

Иә, өткеніміз – өсиет, бүгінгіміз – бағдар, ертеңіміз – еңселі. Оған қазақтай кәсіптің халықтың тарихнамасы дәлел. Байырғы бабаларымыз жүріп өткен сұрлеу соны айғақтайды. Көне күннің жарқын жетістігін жазу – тарихқа тағзым етудің ізгі көрінісі. Атадан балаға аманатталып, көнеңің көзін көрген тарихи жәдігерлер игілігі халыққа ортақ болғаны абзал.

Жазба мұраларды бір жерге шоғырландып, олардың сақталуына, жан-жақты зерттелуіне жауапкершілік арттыра отырып, мұражай бөлшекте жазба ескерткіштердің ірі орталығы ретінде дамуға бар мүмкіндігін сарп етпек.

**Г.Досбергекқызы, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының негізгі көрлерді сақтау бөлімінің менгерушісі**



ешқашан түспейді. Қазіргі таңда мұражай қорында 1000-нан аса басылымдар бар. Сирек кітаптар қорында араб, парсы, ескі шағатай тіліндегі шығыс баспа кітаптары, Қазақстан жайлы еңбектер, Қазақстанның алғашқы мерзімді басылымдары, славян тіліндегі алғашқы басылымдар және европалық әдебиеттер, автордың қолтаңбасы бар кітаптар, көлемі кішкентай кітаптар, Қызылорда қаласы алғашқы астана болып тұрған кезінде шыққан әдебиеттер жинақталған.

Мұражайда қойылған жәдігерлер қатарында 1275 нияра жылы жазылған Рағузідің бүкіл пайғамбарлар «Қисасы», 1293 нияра жылы жазылған қасиетті «Құран», Қожа Ахмед Исаауидің «Диуани химеті», М.Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн», түрік тіліндегі Ұлы Осман мемлекетінің сұлтандарының «Османлылар альбомының» І-ші кітабы, Ахмет Байтұрсынұлының 1914 жылы Орынбор, 1926

түрік тілінде шыққан «Қорқыт Ата кітабының» Ватикан нұсқасы, қырғыздың 1959 жылы жарық көрген төрт кітаптан тұратын «Манас» эпосы т.б. бар.

Сирек кітаптар сөресіндегі нақты материалдар мен библиографиялық мәліметтердің молдығы жағынан құнды анықтамалықтар қатарында немістің кітап баспагері Ф.А.Брокгауз бен орыс кәсіпкері И.А.Ефронның баспаханасынан 1886, 1897 жылдары шыққан «Энциклопедиялық сөздіктері», 1900-1909 жылдары жарық көрген орыс жайлы жинақтармен қатар орыс классиктерінің алғашқы басылымдары, тарихтың әр кезеңдерін насихаттайтын әдебиеттер де бар.

Өлкемізге байланысты кітаптардан – Н.И.Гродековтың «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области», М.В.Боровскийдің екі томдық «Древняя Дельта Сыр-Дарьи и Северные Кызыл-Кумы»,

## ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

Шиелі аудандық сотының төрағасы Н.Бекетаев Шиелі индустриалды-аграрлық колледжінің І-ІІ курс білім алушыларымен аудандық сот ғимаратында кездесу өткізді. Кездесудің мақсаты жасөспірімдер арасында қылмыстылық пен құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу болып табылады.

Кездесуге студенттермен қатар колледж директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Б.Т.Дайрақұлов, топ жетекшілер және өндірістік оқу шеберлері қатысты. Шара барысында сот төрағасы білім алушыларды аудандық сот ғимаратымен, оның тыныс-тіршілігімен таныстырып, қазіргі уақытта жасөспірімдер арасында белен алып жатқан әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарға тоқталып өтті.

Сонымен қатар, аудандық сот судьясы Сарбасова Жақсыгүл Тиышбекқызы кездесуде қылмыстық пен әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу, кәсіпкерлікке қатысты жинақтық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін жауапкершіліктер, сот процесінің өтілуі, қылмыстық жауапкершілік пен оны өтеу, айыппұлдың төленуі, кибербуллинг, лудомания, зорлық – зомбылық, нашакорлықтың алдын алу және білім алушылар арасында қауіпсіздікті сақтау бағытында кеңестер беріп, түсіндірме жүргізді. Білім алушылар түрлі сауалдар қойып, тұшымды жауаптарын алды. Шара соңында колледж директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Б.Т.Дайрақұлов ұйымдастырылған шараға қатысты өз алғысын білдірді.

## АТҚАРУШЫЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАЙТЫН МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыстық сотта Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің ұйымдастыруымен «Атқарушылық іс жүргізу кезінде туындайтын мәселелер және олардың шешу жолдары» тақырыбында жиын өтті. Оған, Сот Әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінің басшысы С.Сүлеймен, қалалық соттың төрағасы Д.Кентбаев, қалалық сот судьялары, ұйымдастыру-талдау бөлімінің мамандары, облыстық прокуратура және Әділет департаментінің өкілдері, жеке сот орындаушылардың өңірлік палатасының өкілдері қатысты. Жиынды Департамент басшысы С.Сүлеймен ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстыра отырып, көтеріліп отырған мәселенің өзектілігін атап өтті. Келесі болып сөз алған Департамент басшысының орынбасары Е.Бөрібаев сот орындаушылардың өтініштерін санкциялау кезінде туындайтын кемшіліктер мен оларды жою мәселелеріне тоқталып, санкция беру туралы қаулыларды ресімдеу кезінде жеке сот орындаушылары тарапынан жіберілетін жеке-жеке кемшіліктерді, атқарушылық

іс жүргізу шеңберінде борышкерлерге хабарлау, материалдарға дәлелдемелерді қосу кезінде туындайтын проблемалық мәселелерді айтып өтті. Сонымен қатар, жиында Қызылорда қалалық соты әкімшісінің міндетін атқарушы Ж.Жаналиева атқарушылық өндірісті қозғаудан бас тарту, атқару құжаттарын кері қайтару мәселелері бойынша баяндама жасалды.

Жиынға қатысушылар қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтау, бірыңғай құқық қолдануды қамтамасыз ету, атқарушылық іс жүргізу кезінде тараптардың құқықтарын бұзудың алдын алу бойынша ұсыныстарын айтып, ортақ пікірге келді.

Шара соңында атқарушылық іс жүргізуге қатысушылардың бұзылған құқықтарын уақытлы қалпына келтіріп, сот актілерін орындау барысында әуресарсанға жол бермеу мақсатында сот орындаушылардың жауапкершілігін арттыру, сотқа сапасыз материалдар жолдамау фактілерін болдырмау жөнінде тиісті шаралар қабылдау туралы ұсынымдар келтірілді.

## ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ПОЛИЦЕЙЛЕР ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ 29 МАС ЖОЛАУШЫНЫ АНЫҚТАДЫ

Қызылордалық полицейлер қоғамдық көлікте 29 мас жолаушыны анықтады. Қызылорда облысы көлемінде ағымдағы жылдың 11-15 қаңтар күндері аралығында «Тасымалдаушы» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілді.

Іс-шара кезінде Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкерлері профилактикалық жұмыстар атқарып, нөмірлік тегінділік қағидаларын бұзудың 100 дерегін анықтады. Оның ішінде, қоғамдық көліктерде алкогольлік ішімдіктерді ішу немесе масаң күйде келудің (440-б)-29, ұсақ бұзакшылықтың (434-б)-10, автобус құралдарында ластаудың (434-2-б)-23, қоғамдық көліктерде және аялдамаларда тисудың (449-б)-38 деректері анықталды.

Тасымалдаушы мекеме басшыларының қатысуымен жиындар өткізіліп, онда дабыл түймесін орнату, бейнекамералармен жабдықтаудың және жүргізушілерге

нұсқаулық беру бойынша сұрақтар қарастырылды.

Сонымен қатар, елді-мекендерде автобус құралдарына 45 рет жасырын тексерулер жүргізіліп, жолаушылары тарапынан 24 құқық бұзушылық деректері анықталса, іс-шара барысы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды.

Мәселен, рейд барысында 12 қаңтар күні Арал аудандық полиция бөлімінің патрульдік полиция қызметкерлерімен «Голден» үлгісіндегі автокөлігінің жүргізушісі алкогольді масаң күйде жүргізіпті анықталып, оған қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 608-бабының 1-бөлігімен әкімшілік жағатта рәсімделіп, сот қаулысымен 15 тәулікке әкімшілік қатаққа алынып, 7 жылға көлік құралын жүргізу құқығынан айыру туралы әкімшілік жазасы қолданылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

## ӘККІ ҰРЫ ҰСТАЛДЫ

Облыс тұрғындарының үйіне ұрлыққа түсулі кәсіп етіп, табыс көзіне айналдырып келген пәтер ұрысы құрықталды. Қызылорда облысы Полиция департаментінің Қриминалдық полиция басқармасымен жүргізілген жедел-іздірлеу іс-шараларының нәтижесінде әккі ұры Жаңақорған ауданында кезекті пәтер ұрлығын жасау кезінде қолға түсті. Күдікті үй иелерінің жоқтығын пайдаланып, пластик терезелерді күштеп ашу арқылы үй ішіне заңсыз кіріп, ақша мен алтын бұйымдарды ұрлаған. Ұрлықты тұрақты кәсіпке айналдырған азамат Түркістан облысы Қазығұрт ауданының 26 жастағы

тұрғыны болып шықты. Жедел-іздірлеу іс-шараларының нәтижесінде жәбірленушілерге тиесілі алтын бұйымдар мен өзге де айғақ заттар заңтай дәлдемде ретінде алынды. Тергеу барысында, атаған күдікті облыс аумағында 25 пәтер ұрлығын жасап, жәбірленушілерге 19 млн теңге көлемінде материалдық шығын келтіргендігі анықталды.

Қазіргі уақытта полицейлер пәтер ұрысының облыс көлемінде жасалған басқа да қылмыстарға қатыстылығын тексеріп жатыр. Тергеу – тексеру әрекеттері жалғасуда. Күдікті қамауға алынды.